

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТЕРЛІГІ
М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ

презентация

Тақырыбы: Президент Н.Назарбаевтың еуразиялық
идеясы

Қабылдаған: Байконыс Е

Тобы : юм14-1к5

Орындаған : Иманбек А

? Нұрсұлтан Әбішұлының мемлекеттердің Еуразия одағы атты жаңа интеграциялық бірлестік құрудың нақты бағдарламасы мен қағидаттары туралы алғаш рет 18 жыл бұрын айтқан болатын. Ал ХХІ ғасырда сол идеяның іс жүзіне аса бастағаны 10 жылдық тарихы бар Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың нәтижелі жұмыс істеп жатқанынан көрінеді.



? Еуразиялық тұтастықтың озықтығы, осы кеңістіктегі интеграцияны құрудың өмірлік қажеттігі, ортақ бірлестіктің қағидаттары мен бағдарламасы туралы идеяны Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев алғаш рет 1994 жылдың наурыз айында Мәскеу мемлекеттік университетінің оқытушылары мен студенттерінің алдында сөйлеген сөзінде көтерген болатын. Бүгінгі күні сол идея іске асып, өзінің жемісін бере бастады. Еуразиялық идеяның тууы мен іске асуына көптеген адамдар скептицизммен қараған кезеңдер артта қалып, Президент Н.Назарбаев идеясының бүгінгі таңда жақсы нәтижелермен іске аса бастағандығы баршаға мәлім.



? Оның аясында нақты экономикалық міндеттері бар Кеден одағы құрылып, 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген Бірлескен экономикалық кеңістікке жол ашылды. Бүгінгі күні Еуразия идеясының миллиондаған жақтастары бар, бұл идеяның іске асуына жалғыз саясаткерлер ғана емес, ғалымдар мен мамандар да белсене атсалысуы қажет екендігін Елбасы үнемі ескертіп отырады.



? Еуразия идеясының тарихына жүгінсек, бұл ойдың бүгін ғана туып отырмағанын, орыстың Н. Трубецкой, П.Савицкий, Г.Флоровский, П. Сувчинский, Г.Вернадский секілді ойшылдарының еңбектерінде де оның бар екендігін ескеру кажет. Олар орыс тарихын бөле-жара емес, еуразиялық өркениет кеңістігімен тұтастыра отырып зерттеді.



? Гумилевтың негізгі идеялары Еуразия аумағының этногенез үдерістерін зерттеуден туған. Өткен ғасырдың 90 жылдарында бұл идеяның қағидатты түрдегі жаңа серпін алды. Соның нәтижесінде еуразияшылдық идеясы 1994 жылы Мәскеу университетінде Н.Назарбаевтың аузымен «Еуразиялық одақ» деген атау алып, дамудың жаңа кезеңіне жалғасты. Сөйтіп, әлемдік тарихта тұңғыш рет айтулы Мемлекет басшысы бұл идеяны теориялық тұрғыдан ғана танып қоймай, мемлекетаралық деңгейде іске асыруға шақырды.

Н.Назарбаев идеясы бүгінгі күні нақты саяси көзқарас қалыптастырумен қатар, қуатты экономикалық тұғырнамаға қол жеткізді Сондықтан Қазақстан Президентін ғаламшарлық ақыл-ойы бар пассионарлық тұлға деп бағалануы керек.



? Білім саласындағы Еуразия идеясы», «Еуразия идеясы және еуразиялық экономикалық интеграцияның дамуы», Еуразия кеңістігіндегі математика мен информатика мәселелері, «Еуразия гуманитарлық кеңістігінің қалыптасуы мен дамуы», «Экологиялық мәселелер мен тұрақты даму» т.б. деген тақырыптар туындауда және қазіргі таңда ғалымдар мен саясаткерлерді жаңа ізденістерге бастауда.



? Ақпараттық – библиографиялық қызмет секторының ұйымдастырумен «Нұрсұлтан Назарбаев – тәуелсіз мемлекетіміздің негізін қалаушы», «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» тақырыптық көрмелер ұйымдастырылды. Кітап қорының негізінде «Нұрсұлтан Назарбаев - тәуелсіз мемлекетіміздің негізін қалаушы» атты библиографиялық көрсеткіштен Елбасының еңбектері мен ол туралы мерзімдік басылым беттеріне басылған мақалалар тізімімен танысуға болады. Сонымен бірге кітапхана сайтына кітапханашылар құрастырған «Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев» атты слайдқа Елбасы туралы материалдар топтастырылды.





